


ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ ЯНВАРЬ-АВГУСТ 2023



645,2
МЛРД ТГ




+3,1%
ИФО

- промышленные газы
- красители и пигменты
- прочая неорганика
- прочая осн. органика
- удобрения и азотосодер. вещества
- пластмассы в первичных формах

\$1009

МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 92,0%

Отп 8,0%

\$3209

МЛН



РЫНОК



\$2953

МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июль 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД ТЕНГЕ

2023 жылғы қаңтар-тамыздағы химия өнеркәсібі

Химия саласы өндірісінің көлемі 2023 ж. қаңтар-тамызда өндіріс көлемі құндық көріністе **645,2** млрд теңгені құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңдегі көрсеткіштен **10,6%** жоғары.

Өндіріс көлемі бойынша заттай көріністе ең жоғары өсуді төмендегі тауарлар көрсетуде: көміртек диоксиді (+12,2%), этил спирті (+21,8%), жуғыш заттар (+38,9%), тұз қышқылы (+0,5%), химия және онымен байланысты салаларда (сусындар өндірісі, ауыл және коммуналдық шаруашылық, құрылыс және т.б.) тұтынушылық сұраныстың есебінен бастапқы формадағы полиуретан (+14,4%), гипохлорит (+3,2%).

Химия өнімі өндірісінде негізгі үлесті түрлі органикалық емес заттар – 47,0%, тыңайтқыштар және азоттан тұратын заттар – 18,5%, басқа да химия өнімдері – 7,2%, бояғыштар және пигменттер – 6,0%, өнеркәсіптік газ – 4,6%, бастапқы формадағы пластмасса – 3,9%, пестицидтер және басқа да агрохимия – 3,7% құрайды.

Физикалық көлем индексі талдау жүргізілген кезеңде **103,1%** құрады.

Өсудің негізгі себебі өнеркәсіптің аралас салаларындағы (ТМК, сусын өндірісі, құрылыс және т.б.) тұтынушылық сұраныстың өсуі болып табылады.

Химия өнімінің **экспорты** құндық көріністе **2023 ж. қаңтар-шілдеде 1009,1** млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 ж. осы көрсеткішпен салыстырғанда 9,8% артық.

Негізгі экспорттаушы елдер: **Ресей (35,1%), Өзбекстан (10,5%), Қытай (9,5%)**.

Химия өнеркәсібі өнімінің **импорты 2023 ж. қаңтар-шілдеде 2 953,3** млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңдегі көрсеткіштен 23,7% артық. Негізгі импорттаушы елдер: **Ресей (38,9%), Қытай (17,4%), Германия (6,4%)**.

Химия өнімі **нарығының көлемі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде 3 208,6** млн АҚШ долл. құрады (*1 446,7 млрд теңге*), бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 24,3% артық. Барлық көрсеткіштердің өсуін атап өтуге болады:

өндіріс (+15,8%) және экспорт (+9,8%) және импорт (+22,6%). **ОТӨ үлесі 1,3 п.п. өсті және 8,0%** құрады. Импорт өнім үлесі 92,0% құрады.

Химия өнімі өндірісінің ең жоғары көлемі 2023 ж. қаңтар-тамызда төмендегі өңірлерде байқалады: Жамбыл (30,9%), Шығыс Қазақстан (22,0%), Ақтөбе (8,0%), Қарағанды (7,6%), Ақмола (6,3%), Павлодар (5,5%) және Маңғыстау (4,3%) облыстарында.